

## ҚАЗАҚ ТІЛІ БІЛІМІНДЕГІ ЛЕКСИКАЛОГИЯНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ

**Байдуллаева Гулжайнар Бектай қызы**

Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика университеті

Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 2-курс студенті.

Ғылыми жетекші: **Өсербай Байкабылов**

### *АННАТАЦИЯ*

*"Қазіргі қазақ тілі" атты пәндердің лексикалогия бөлімдерінде, аталған тілдердің лексикасының осы заманғы қалпы, сөздің мағыналық құрылымын қарастырады.*

***Кілт сөздер:** Лексикология, этимология, тарихи лексикалогия, сипаттамалы лексикалогия, көнерген сөздер.*

### *ANNOTATION*

*In the lexicology sections of the subjects "Modern Kazakh language", the modern state of the lexicon of the mentioned languages, the semantic structure of the word is considered.*

***Key words:** Lexicology, etymology, historical lexicology, descriptive lexicology, obsolete words.*

Лексикалогия - сөз байлығын зерттейтін ғылым. Лексикалогия іштей семасология, этимология, фразеология және лексикография салаға бөлінеді. Қазақ тілінің сөз байлығын дағы негізгі сөздік қор мен сөздік құрам деп бөлінеді. Сөздік қор талай ғасырдың жемісі. Ал сөздік құрам тілдегі сөздердің барлығының жиынтығы. Сөздік құрамның аясы, көлемі сөздік қордан әлдеқайда

мол. Аталмыш пәннің тақырыптарында лексикологияның басқада салаларының ерекшелігі мазмұндалған. Сөздік құрам және сөздік қор. Тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы сөздік құрам не лексика деп аталады.

Қазақ тілінің сөздік құрамына ғасырлар бойы сақталып келе жатқан байырғы сөздер де, кірме сөздер де, кейін пайда болған неологизмдер мен терминдер де, әдеби сөздер мен ауызекі сөйлеу тіліне тән қарапайым сөздер де, диалектілер де, кәсіби сөздер қысқасы тіліміздегі барлық сөз қабаттары енеді.

Сөздік құрам өз ішінен бірнеше топқа бөлінеді. Сөздік құрам сөздердің қолдану жиілігіне қарай актив және пассив сөздер деп, ең алдымен екі салаға бөлінеді. Пассив топтарға көнерген сөздер кіреді. Актив топтарға неологизмдер кіреді. Сонымен бірге негізге сөздік қордағы термин сөздер, профессионалды сөздер, эмоционалды экспрессивті сөздер жатады. Бұл сөздер негізінде сөздерге енеді.

Көнерген сөздер тарихи орнына қарай екі топқа бөлінеді: архаизмдер мен историзмдер. Заттар мен құбылыстардың бұрынғы атаулары архаизмдер деп аталады.

Тілдегі кейбір сөздердің белгілейтін заттар мен құбылыстары бір жола жоғалып кетпей, олар қазірде басқа сөздермен аталып келеді. Мысалы ескі ай аты: желтоқсан - декабрь, қаңтар - январ, қараша - ноябрь.

Тілдегі кейбір сөздер өздері белгілейтін заттар мен құбылыстар жоғалуымен байланысты көгереді де, сөздердің пассив тобына айналысып мүлде қолданудан шығып қалады. Мұндай сөздерді историзмдер деп атаймыз. Мысалы: М. Әуезовтың " Абай жолы" эпопеясынан мынадай сөздерді көруге болады: "Абайдың келесі ұрын келу деп, жыртыс сала келу деп, кейде есік көре келу деп, қол ұстату деп те атайды. Ең алғашқы келіс осы"

Бұл тарихи эпопеядағы келтірілген үзіндіден ұрын келу, жыртыс сала келу, қол ұстату ескі әдет- ғұрыптан тұған көне пассив сөздер. Ал неологизмдер деп тілде жаңа ұғымдарды білдіретін тың сөздерді айтамыз. Неологизм сөздер жаңадан пайда болған зат атауын және жаңа ұғымды білдіретін сөздер болып

табылады. Мысалы: депутат, коллектив т.б. Қазіргі өзіміз қолданып жүрген, компьютер, слайд, қолтелефон, интернет т.б. деген сөздер болып келеді.

Қазақ тілі лексикологиясының өзінің даму тарихы болады дедік, біз оны екі салаға бөліп қараймыз.

- 1.Тарихи лексикология
- 2.Сипаттамалы лексикология

Тарихи лексикологияда тілдің сөздік құрамы, шығуы замандар бойында қалыптасуы, даму, лексикасын құрастырушы арналар тарихи тұлғалар мен зерттелінеді.

Тарихи лексикологияның күрделі саласы - этимология.

- 1.Халықтық этимология
- 2.Ғылыми этимология.

Этимология сөздердің шығу төркінін зерттеп, олардың ең алғаш қандай болғанын айтады. Мәселен, арық адамды қазақ: қылдырықтай болып қатып қалыпты - дейді. Қылдырық - О баста бидайдың қабығы деген мағыналы сөз екен. Мұндайды сөздің этимоны деп атайды. Сөз мағынасын бұлайша бастапқы мағынасын аша түсіндіру ғылыми этимология деп аталынады.

Сипаттамалы лексикалогия қазақ тілі лексикасындағы бүгінгі күнгі жалпы мағынасының құрамы лексикасын құрастырушы арналар мен қат - қабаттар, сөздердің активті және пассивті топтары, сөз мағыналарының топтастырылуы сияқты мәселелерді қарастырады.

### **Қорытынды:**

Қорыта айтқанда, тіл білімінің лексикология саласы, сөзді біріншіден мағынасы жағынан, екіншіден шығу тегі жағынан, үшіншіден қарым - қатынас жасауда қолданылу аясы мен шеңбері жағынан, төртіншіден экспрессивті - стильдік сипаты мен қызметі жағынан, бесіншіден сөздің сөздік құрам мен сөздік қордан алатын орны жағынан жан - жақты қарастырып зерттейді.

***ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР***

1. *К.Аханов. "Тіл білімінің негіздері"*
2. *Болғанбаев Ә. "Қазақ тілінің" Лексикологиясы.*
3. *melimde.com*
4. *stud.baribar.kz*